

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 20 қыркүйектегі № 958 және "Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір шешімдердің күші жойылды деп тану туралы" 2006 жылғы 6 маусымдағы № 511 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 359 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 542 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі № 958 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 38, 389 - құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесінде: 12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Жеке және заңды тұлғаларға иелік ету не пайдалану құқығымен бұрын берілген жер учаскелерін жеке меншікке немесе пайдалануға беруді алғашқы ресімдеу кезінде жер-кадастрлық істер олардың жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша кадастрды жүргізетін кәсіпорындарға берілетін өтініштерінің негізінде жүргізіледі.

Өтінішке жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттар, ал олар болмаған кезде – бұл учаскені берген атқарушы органның шешімімен учаске шекарасының сызбасы (схемасы) қоса беріледі.

Жеке және заңды тұлғаларға иелік ету не пайдалану құқығымен бұрын берілген жер учаскелері бойынша кадастрды жүргізетін кәсіпорындар жер учаскелерін жергілікті жерде зерттеуді жүзеге асырады. Олардың шекаралары,

аандары және мақсатты тағайындауы өзгергені анықталған жағдайда, бұл өзгерістер облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтер әкімінің олардың Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген құзыретіне сәйкес қайта бекітуіне жатады немесе мүдделі тараптар арасында жасалатын шартта көрсетіледі.»;

13-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Бөлу нәтижесінде қалыптасқан жер учаскелеріне кадастрды жүргізетін кәсіпорын жаңа сәйкестендіру құжаттарын дайындайды және береді.»;

мынадай мазмұндағы 13-2-тармақпен толықтырылсын:

«13-2. Жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға бұрын өзіне жер пайдалануға берілген жер учаскесін жеке меншікке сатып алған жағдайда жаңа жер-кадастрлық іс жүргізілмейді.

Жер учаскесінің орналасқан жері бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы беретін жер учаскесін сатып алу-сату туралы жасалған шартының болуы, оның сатып алу бағасы төлемінің жүргізілгені, сондай-ақ жер учаскесін бөліп-бөліп төлеу тәртібімен сатқан кезде мәміле жасасуға тыйым салынуы (кепілге беруді қоспағанда) туралы анықтаманың негізінде кадастрды жүргізетін кәсіпорын жер учаскесіне жаңа сәйкестендіру құжатын дайындайды және береді.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Жеке және заңды тұлғалар жер учаскесіне кадастрлық нөмірді беру және жер учаскесіне ескі үлгідегі сәйкестендіру құжатын жаңасына ауыстыру үшін жер учаскесінің орналасқан жері бойынша кадастрды жүргізетін кәсіпорынға өтінішпен жүгінеді.

Өтінішке жер учаскесіне қолданыстағы сәйкестендіру құжатының түпнұсқасы қоса беріледі.»;

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Өтініш берушінің қалауы бойынша жер учаскесіне құқығы туралы ескі үлгідегі құжатты жаңа сәйкестендіру құжатын ауыстыру жүзеге асырылады.»;

2) «Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және кейбір шешімдердің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы № 511 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 21, 209-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актіде:

_____ аты-жөні 200__ ж. «__» _____ г.»
(қ о л ы , п о д п и с ь) Ф . И . О .
деген ж о л а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК